



БҰЙРЫҚ

21.07.2023ж.

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 310

город Караганда

«Безопасность плюс» ЖШС банкроттық басқарушысын шеттету туралы

«Оналту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы Заңының 12-бабының 7-тармағы 2-тармақшасына сәйкес, «Безопасность плюс» ЖШС 2023 жылғы 17 шілдедегі кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Безопасность плюс» ЖШС БСН 040840004048, банкроттық басқарушысы Динмухаммед Садвакасович Байдильдин мүлікті және істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Динмухаммед Садвакасович Байдильдин борышкердің құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілген құжаттарын, барлық мүлкін (активтерін), сонымен қатар борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде тапсырсын.

3.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасы басшысына Д.Б. Мусинге жүктелсін.

4.Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы орынбасарының м.а.

С. Печагин